

БІЛІМ - ІЛГЕРІЛЕУДІҢ БАСТЫ БАҒЫТЫ

Қазіргі таңда еліміз инновациялық индустриялануға тұрақты бет түзеп келеді. Н.Ә.Назарбаевтың үдемелі индустриялық даму жөніндегі идеялары табысты іске асырылып, мемлекеттік саясаттың таңдаған басымдығы дұрыс екенін растап отыр. Барлық өңірлерде жаңа кәсіпорындар ашылып, жаңа жұмыс орындары құрылуда. Соған орай еліміздің жалпы ішкі өнімі де өсіп келеді.

Қазақстанда экономиканың серпінді дамуы жоғары білім саласында түбегейлі өзгерістерге алып келді. Тәуелсіздік жылдарында кадрлар дайындаудың заманауи моделін құруға және қазақстандықтардың зияткерлік дамуының мүлдем жаңа міндеттерінің негізін қалауға қол жеткізілді.

Қазіргі таңда біз ғылым, білім мен өндірісті біртұтас тетікке біріктірген инновациялық экономиканың туындап келе жатқанына куә болып отырмыз. Қоғамда ғылым мен білімнің үстемдігі қалыптасып, зияткерлік елеует еліміздің әл-ауқатының негізіне айналып келеді. Біздің қоғамымыздағы барлық игі өзгерістерді, болашаққа деген үмітімізді ұлт көшбасшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың есімімен байланыстырамыз. Елбасының сара саясатының арқасында еліміз бүкіл әлемге танымал болды.

Қазақстан индустриялық-инновациялық дамудың маңызды айналымына ие бола отырып, ауқымды модернизациялау кезеңіне қадам басып келеді. Мемлекетіміздің ғаламдық ауқымда қол жеткізген табыстары мен жетістіктеріне толы қазіргі тарихи уақыттың бұлжымас қадамынан басып озып, Елбасының барлық ойларының іске асып келе жатқанын растап отыр.

Елбасының стратегиялық жобасы - Назарбаев Университеті өз айналасында ерекше зияткерлік орта қалыптасатын ғылым мен білімнің тиімді ықпалдасуының көрнекі үлгісіне айналды. Оның заманауи

білім трансфертін жинақтау мен қамтамасыз ету қабілеті үйренуге және тәжірибе алмасуға негіз болып табылады.

Бұл бизнесті университеттермен ықпалдастыру, инновациялық ілгерілеуге бет түзеген зерттеуші жоғары оқу орындарын қалыптастыруға және олардың ғылым жетістіктерін практикаға шынайы ендіру бойынша үлкен өзгерістердің бастауы болып келеді. Еліміздің он үздік университетіне ИИД МБ-2 үшін жаңа білім бағдарламалары бойынша кадрлар дайындау міндеті сеніп тапсырылды. Осы мақсатта 10 миллиард теңге бөлінді.

Ғылым еліміздің бәсекеге қабілеттілігінің шешуші факторына айналып келеді. 2020 жылға қарай ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды қаржыландыру көлемі ЖІӨ-нің 2 пайызына жетеді. Бұл дегеніміз – ілгерілеу атаулының аса жоғары қарқыны. Бұндай көрсеткішке әлі күнге ТМД елдерінің бірде-бірі жеткен жоқ. Демек, Қазақстан ғалымдарының болашағы жарқын болмақ!

Қазіргі күнде біздің университеттер ұлттық деңгейде бәсекеге түсіп қана қоймай, сонымен қатар ғылыми ізденісті ынталандыра отырып, инновацияларды бизнес-ортаға ендіру арқылы халықаралық аренаға да шығып келеді. Жуырда ғана QS WorldUniversityRankings жарияланған «Дамыған Еуропа және Орталық Азия 2014/2015» атты үздік университеттердің жаңа рейтингі осыған дәлел болмақ. Әлемнің 30 елінің арасында Қазақстанның сегіз жоғары оқу орны үздік-100 рейтингіне кірді.

Жоғары білім саласы еліміздің қазіргі экономикалық дамуының алғашқы кезектегі басымдығы болып табылады, өйткені атап айтқанда, жоғары білімнің сапасы жаһандану жағдайында еліміздің ұзақ мерзімді даму басымдығы болып табылады.

«Ұлттық бәсекеге қабілеттігі алғашқы кезекте білімділік деңгейімен анықталады.

XXI ғасырда білімін дамыта алмаған ел құрдымға кетеді», - деп Елбасымыз өз жолдауларында талай рет атап өтті.

Сондықтан мемлекет мамандар дайындау бойынша мемлекеттік тапсырыстың мөлшерін тұрақты ұлғайтып келеді. Жоғары білім саласындағы мемлекеттік саясат әлеуметтік көмекке мұқтаж жандардың мүдделерін қорғау үшін квота түріндегі белгілі бір тетіктерді қарастырып келеді. Олардың қатарына ауыл жастары (квота - 30%), жетімдер (квота - 1%), мүгедектер (квота - 0,5%), оралмандар (квота - 2%) кіреді.

Зияткерлік мектептер базасында әлемдік тәжірибеге сәйкес мұғалімдердің жаңа бағдарламалар бойынша үш айлық дайындықтан өтетін педагогикалық шеберлік орталықтары құрылуда. Мұғалімдер жаңа мемлекеттің азаматын тәрбиелеп келеді, сондықтан білімге құмарлық, бүкіл жаңа, прогрестік, креативті жағдайларға тұрақты қызығушылық қазіргі педагог сипатының маңызды қасиетіне айналуы тиіс.

Қазіргі таңда қоғамда еліміздің бәсекелестік позициялары, оның экономикалық қауіпсіздігі, халықтың өмір сүру сапасы тікелей ғылыми-білім беру жүйесінің тиімді технологияларын, инновациялық тетіктерін қолданумен байланысты.

Атап айтқанда, ғалымдардың ғылыми ізденіс нәтижелері, жаңа білім бағдарламаларын іске асыру, олардың ғылыми құрамдас бөлімін күшейту бүкіл қазақстандық білім деңгейін арттыруға ықпал етеді. Жоғары оқу орындары министрліктер мен ұлттық компаниялардың тапсырыстары бойынша ірі бағдарламалар мен жобалардың әзірлеушілері болып табылады.

Химиялық технологиялар, құрылыс, тоқыма және тамақ өнеркәсібі, аграрлық сектор, педагогика мен мәдениет сияқты маңызды салалардағы озық ғылыми



мектептерді біріктіре отырып, университеттер ғылыми-технологиялық ілгерілеудің орталықтарына айналып келеді.

Жоғары сапа стандарттарына бейінділік, ғылым мен техниканың жаңа салаларындағы ғалымдардың идеялары, университеттердің белсенді халықаралық қызметі олардың заманауи білім беретін білім, ғылыми зерттеу және мәдени орталық ретіндегі мәртебесін нығайта түсті.

Біздерді түбегейлі өзгерістерді іске асыруға, көп ішінен дара озып шығуға пәрменді шаралар қолдануға бағдарлай отырып, әлем келбеті қарқынды өзгеріп келеді. Президент елімізде озық елдермен тең болуға және қазақстандықтардың жоғары өмір сүру деңгейіне қол жеткізуге қажеттіні бәрі бар деп бірнеше рет атап өтті. Бұған жоғары білікті мамандар, жаңа білімді жинақтау және инновациялық технологиялар арқылы ғана қол жеткізуге болады.

Жұмахан МЫРХАЛЫҚОВ,
М.Әуезов атындағы ОҚМУ ректоры,
техника ғылымдарының докторы,
профессор, ҚР Ұлттық ғылым
академиясының корреспондент мүшесі.